

"Қызылорда электр тарату желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 639 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 32-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар салада қызметін жүзеге асыратын "Қызылорда электр тарату желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның мәжбүрлеп шығарылған билік етуі шектеулі жарияланған акцияларын (бұдан әрі - акциялар) оларды мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қою арқылы Қоғамның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегін өтеу есебіне орналастырсын;

2) Қоғам акцияларын ұстаушылар тізіліміндегі акцияларға мемлекеттік меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тіркеуді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі